

№8. Т. Бегманова жалпы орта мектебі кмм 2024-2025 оқу жылындағы ата-аналар комитетінің құрамы

№	Аты- жөні	Қызмет лауазымы	ұлты	білімі	телефон	мекенжайы
1	Холматов.Т.	Кеңес төрағасы	өзбек	жоғары	87716291888	Шұқырсай е/м
2	Смаилов. Ж.	Төраға орынбасары	қазақ	жоғары	87023631901	Абай.а
3	Тоқтаназаров. И.	Төраға орынбасары	өзбек	орта	87763013030	Аққорған. е/м
4	Абдиқодиров. Я.	Төраға орынбасары	өзбек	орта	87713182790	Шұқырсай е/м
5	Абдиев.М.	Төраға орынбасары	қазақ	жоғары	87713211974	Абай.а
6	Марасилов.М	мүшелері	өзбек	орта	87719643162	Шұқырсай е/м
7	Селтаев.Қ	мүшелері	қазақ	орта	87025827204	Абай.а
8	Тағабаев.Н.	мүшелері	қазақ	орта	87023666469	Аққорған. е/м
9	Есенбаева.Б.	хатшы	қазақ	жоғары	87026202918	Абай.а

Мектеп директоры:



М.Амирова.

Бекітемін:

Мектеп директоры :  М.Амирова.



№8. Т. Бегманова жалпы орта мектебі кмм ата-аналар комитетінің
іс жоспары

2024-2025оқу жылы

№	Істелінетін жұмыстар	мерзімі	жауаптылар
1	Ата-аналар кеңесінің жұмысын жоспарлау.Кезектегі мәселелер.	11.09.2024.ж	Ата-аналар кеңесінің төрағасы. ДТІЖО
2	Ата-аналармен пікірлесу	01.09-13.09	Сынып жетекшілер ,ата-аналар кеңесі
3	1- Тоқсан қорытындысы. Балалардың жетістіктері туралы ата-аналарға хат	01.11-07.11	Сынып жетекшілер Ата-аналар кеңесі
4	Сауалнама өткізу «Сіз қандай ата-анасыз»	қараша	Психолог, сынып жетекшілер
5	Сабаққа келмей жүрген оқушылардың үйіне рейдұйымдастыру	қараша	Ата-аналар кеңесі Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
6	Жарты жылдық қорытынды	желтоқсан	Ата-аналар кеңесі Мектеп әкімшілігі
7	Сауалнама өткізу «Отбасында бала тәрбиесімен кім айналысады»	қаңтар	Ата-аналар кеңесі Мектеп әкімшілігі
8	«Ата-ана болам десеңіз»Коучинг сабақ	ақпан	Мектеп әкімшілігі
9	Дөңгелек үстел «Үштік одақ: ата-ана, мұғалім,оқушы»арасындағы қарым-қатынас	наурыз	Ата-аналар кеңесі Мектеп әкімшілігі
10	Ата-аналармен жеке пікірлесу; Емтиханға дайындық жұмыстары	сәуір	Ата-аналар кеңесі Мектеп әкімшілігі
11	Жылдық қорытынды	мамыр	Ата-аналар кеңесі Мектеп әкімшілігі

Ата-аналар кеңесінің төрағасы:

Т.Холматов.

«№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп»кмм ата-аналар
кеңесі жиналысының
ХАТТАМАСЫ №1

04.09.2024ж

Абай ауылы

Қатысқандар:

Ауыл биі: Смаилов Жұмағали.

Имам: Селтаев Қыдыр.

Ата-аналар – 92.

Сынып жетекшілер – 25.

ДТІЖО – М.Абдиев.

Педагог-психолог – К.Байтасова.

Әлеуметтік-педагог – Ж.Абдрахманова.

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың сабаққа қатысуы, мектеп формасы және ішкі тәртіп;
баяндамашы: ДТІЖО М.Абдиев.
2. Жалпы мектеп ата-аналар кеңесін қайта сайлау;
3. Кезектегі мәселе.

Тыңдалды:

Мектеп директоры м у а. А.Бегайс жиналысты бастап, күн тәртібімен таныстырды.

ДТІЖО М.Абдиев сөзге шығып, мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырды. Оқушылардың мектепке формамен келуі және сабаққа қатысуы күнделікті қадағалап, тексеріліп отыратындығы жайлы ескертті. Осы профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру және мектеп формасы талаптарының бұзылуына ден қою алгоритімі жайлы ата-аналарға түсіндірді. Мектеп форма талаптарының бұзылуына мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылы, ұйымдастыру шаралары және тәртібі бойынша бірігіп атқарылатын іс-шаралар жоспары түзіліп, жыл бойына сол бойынша жұмыстар атқарылатыны жайлы айтты.

Үшінші мәселе бойынша ауыл биі Смаилов Жұмағали сөзге шығып, ата-аналар кеңесін қайта сайлау мәселесі бойынша, осы мектепте тәрбие орынбасары болып зейнеткерлікке шыққан, Халматов Тұрғын ағайды төрағалыққа ұсынды. Жиналысқа қатысушылар ауыл биінің ұсынысын бір ауыздан мақұлдады. Сөз кезегінде Халматов Тұрғын ағай ата-аналар құрамына қайта сайлауға төмендегі азаматтарды ұсынды:

1. Халматов Тұрғынбай-төраға;
2. Смаилов Жұмағали-орынбасар;
3. Тоқтаназаров Иманали-орынбасар ;
4. Абдиев Мұхамедқали-орынбасар;
5. Селтаев Қуаныш-мүше;
6. Тағабай Нұрлыбай-мүше;
7. Есенбаева Балгерім-хатшы;
8. Марасилов Махсут-мүше;

Аты аталған азаматтар дауысқа салу арқылы бір ауыздан қайта сайлады. Кезекті мәселер бойынша әлеуметтік педагог Ж.Абдрахманова сөзге шығып,

тамыз айында «Мектепке жол акциясы» аясында кәсіпкерлер тарапынан екі оқушыға 55 мың теңгелік киім, Халық қажы меншігі имамы Н.Момбековтың ұйымдастыруымен бір оқушыға мектепке қажетті заттар, мектеп әкімшілігі тарапынан 3 оқушыға спорттық киім және мектеп формасы берілді. Келесі ауданы білім және ғылым әсінодағы тарапынан бір оқушыға 15 мың теңгелік қайырымдылық көмек берілгені жайлы айтып өтті.

Келесі сөзге шыққан мектеп педагог-психологы К.Байтасова «Балалар үшін бірігейік!» Құрметті ата-аналар! «Тәрбие-адам тағдырын шешетін ұлы іс»-деп сөзін бастаған ол:

Бала тәрбиесіне қажетті кеңестермен таныс болыңыздар;

1. Балаларыңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.

2. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.

3. Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.

4. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.

5. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.

6. Баланың әріп жетістігі үшін мақтап отырыңыз.

7. Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз.

8. Табысқа күшпен жетуге болмайды, сондықтан балаңызға күш көрсетіп, тапсырманы орында деп талап етпеңіз.

9. Баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айтыңыз.

Жалпы, өзіңізді баланың орнына қойып отырыңыз-деп сөзін аяқтады.

ҚАУЛЫ:

1. Оқушылар №26 бұйрыққа сай, мектеп формасымен келуі қадағалансын.

2. Ата-аналар кеңесі құрамына төмендегі аталған азаматтар сайланып, бекітілсін:

1.Халматов Тұрғынбай-төраға;

2.Смаилов Жұмағали-орынбасар;

3.Тоқтаназаров Иманали-орынбасар;

4.Абдиев Мұхамедқали-орынбасар;

5.Абдукадиров Яндашбай- орынбасар;

6.Селтаев Қуаныш-мүше;

7.Тағабай Нұрлыбай-мүше;

8.Марасилов Махсут-мүше;


9.Есенбаева Балгерім-хатшы;

Жиналыс төрағасы:



М.Марасилов

Жиналыс хатшы:



И.Килыбаева

«№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткізілген

жалпы ата-аналар жиналысының

ХАТТАМАСЫ № 2

07.11.2024ж

Абай ауылы.

Қатысқандар:

Келес ауданының төбе-биі – Ермеков Рахматулла

Ауыл биі – Смаилов Жұмағали

Ата-аналар комитетінің төрағасы – Халматов Тұрғынбай

Ата-аналар – 92

Сынып жетекшілер - 26

ДТІЖО – М. Абдиев

Педагог-психологтар – К. Байтасова, С. Тұяқбаева

КҮН ТӘРТІБІНДЕ :

1. Алғы сөз . мектеп директоры: М. Амирова
2. Оқушылардың сабаққа қатысуы, мектеп формасы, ішкі тәртіп.
3. Баяндамашы: М.Абдиев
4. 1 тоқсан қорытындысы. Баяндамашы: А. Бегайс
5. Мектеп әлеуметтік педагогы, ата-аналармен байланыс.
Әлеуметтік педагог: Ж. Абдрахманова
6. Кезектегі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

Метеп директорының м.а . К. Мұстафаева жиналысты бастап, күн тәртібімен таныстырды. Бала біздің болашағымыз, сондықтан баланың қауіпсіздігі басты назарда болу керек – деп айтып кетті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша ДТІЖО М.Абдиев сөзге шығып, мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырды. Оқушылардың мектепке келуі және сабаққа қатысуы күнделікті қадағаланып, текмеріліп отырғандығы ескертілді. Осы профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру және мектеп формасы талаптарының орындалуын түсіндірді. Мектеп формасы талаптарының бұзылуына мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара

іс-қимылы, ұйымдастыру шаралары және тәртібі бойынша бірігіп, жұмыс жасалып жатқандығын атап өтті. 1 тоқсанда мектептің ішкі тәртібінде ешқандай құқық бұзушылық орын алған жоқ.

Келес ауданының төбе-биі – Ермеков Рахматулла сөзге шығып, балаларымыздың білімімен, тәрбиесімен өзіміз айналысуымыз керек. білімді көтеру мақсатында түрлі іс-шаралар жүргізілуде. «Бала қауіпсіздігі – басты назарда!» - болу керек. сондықтан балалар тәрбиесіне ата-ана жауапты. Ата-аналар мектеп әкімшілігімен, сынып жетекшімен тығыз байланыс орнатып отыру керектігін атап өтті.

Кезектегі мәселе 1 тоқсан қорытындысы бойынша мектепте атқарылған оқу-тәрбие жұмыстары бойынша мәлімет беріліп өтті.

Мектеп әлеуметтік педагогы, ата-аналармен байланыс туралы баяндамашы әлеуметтік педагог: Ж. Абдрахманова сөзге шығып, осы кезеңге дейін көрсетілген әлеуметтік көмек туралы атап өтті. «мектепке жол!», т.б. қайырымлық іс-шаралары болып жатқандығын тілге тиек етті.

Келесі кезекте ауыл биі Смаилов Жұмағали сөзге шығып, өз ойын айтып өтті. Мемлекетіміздің ата Заңының 1 – бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырылды. Оның басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары – деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң аясында мағлұмат білгені және сол бойынша жұмыс жасағаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмететкен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан заңды білу – заман талабы! – деп сөзін аяқтады.

ҚАУЛЫ :

1. Оқушылар №26 бұйрыққа сай мектеп формасымен келуі қадағалансын;
2. Сынып жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыс орната отырып, балаларын әлеуметтік ортада тәртіп сақтауын ескертіп, құқық бұзушылықтың, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу жұмыстары жандандырылсын;
3. Ата-аналар бала тәрбиесін басты назарда ұстап, сабақтан қалдырмау;

Жиналыс төрағасы:  Т. Халматов

Хатшы:  Б. Есенбаева

11

«№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде өткізілген жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

15.01.2025ж.

Абай ауылы

Қатысқандар:

Келес ауданы прокурорының орынбасары - Н.Ағабеков

Келес АПБ инспекторы - Э.Есенкулова

Ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі – Ж. Утегенов

«Әділ билер» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Келес ауданының
бас биі - Р. Ермаков (спикер)

Дін өкілдері - А.Садыков, Н.Момбеков

Келес ауданы әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің
маманы – Н. Мұңалов

Мектеп әкімшілігі, ата-аналар, мұғалімдер, 9-11 сынып оқушылары
және сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. Жастар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары.
2. Тәуелділік (есірткі, алкоголь, темекі, интернет және құмар ойындар)
мәселелері және олардың алдын алу жолдары.
3. Теріс діни ағымдардың қаупі, олардан сақтану тәсілдері және дұрыс
діни білімнің маңызы.

Жиналыс барысы:

Жиналысты ауыл биі Р.Ермаков күн тәртібіндегі мәселені таныстыра
отырып бастады. Бүгінгі жиынның басты мақсаты қазіргі таңдағы
басты өзекті мәселелердің бірі жастар арасында құқықбұзушылықтың,
тәуелділіктің, теріс діни ағымдардың алдын алу бойынша аудан
көлемінде әртүрлі сала мамандарының бірігуінен құрылған топтың

жұмысының өзекті мәселенің алдын алу бойынша атқарып жатқан жұмысының кезектегі отырыс екенін, бұл жұмыстың нәтижесінде біршама оң өзгерістер болатынына сенім білдірді. "Біздің басты мақсатымыз-жастардың бойында заңға бағынушылықты, адамгершілік қасиеттерді және дұрыс діни көзқарасты қалыптастыру. Құқық бұзушылық пен зиянды әдеттерге қарсы күрес тек құқық қорғау органдарының ғана емес, барлық ата-аналар мен мұғалімдердің, қоғамның міндеті. Сондықтан бұл мәселелерді бірлесе шешуіміз қажет," – деп сөзін түйіндеді.

Келес ауданы прокурорының орынбасары - Н. Ағабеков өз кезегінде, аудан көлемінде орын алған біршама қылмыстарды атап өтті. Жастардың саналы азамат болып қалыптасуы үшін қоғамның әр мүшесі жауапты екенін атап өтті. "Біздің мақсатымыз – жастарды дұрыс жолға бағыттау. Әрбір ата-ана, ұстаз, құқық қорғау органдары және қоғам өкілдері бірігіп жұмыс істесе, құқықбұзушылық пен тәуелділік мәселелерін азайтуға болады. Жастарымыз заңды білуі, салауатты өмір салтын ұстануы және діни сауаттылықты арттыруы қажеттігін қадап айтты.

Келес АПБ инспекторы - Э.Есенкулова жастар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың негізгі түрлері, олардың себептері және заң алдындағы жауапкершілік туралы баяндады. "Кәмелетке толмағандардың арасында ең жиі кездесетін құқықбұзушылықтар – ұсақ ұрлық, бұзақылық, төбелес және есірткі қолдану. Осындай әрекеттердің барлығы заң жүзінде қатаң жазаланады. Кейбір құқықбұзушылықтар үшін ата-аналар да жауапкершілікке тартылады. Сондықтан әрбір жас азамат заң талаптарын біліп, оны орындауға тиіс," – деді полиция қызметкері. Сонымен қатар, "Есірткі, алкоголь, темекі, интернетке тәуелділік және құмар ойындар – жастардың болашағына балта шабатын ең қауіпті факторлар. Мұндай әдеттер адамның денсаулығына, психикасына және әлеуметтік жағдайына кері әсер етеді. Көп жағдайда, жасөспірімдер осындай әрекеттерге ортақ достардың ықпалымен немесе психологиялық қысымға байланысты барады," – деді өз сөзінде.

Дін өкілдері - А.Садыков және Н. Момбековтер қазіргі қоғамда кездесетін теріс діни ағымдар, олардың жастарды қалай өз қатарларына тартатыны және олардан қорғану жолдары туралы кеңінен түсіндіріп өтті. "Теріс діни ағымдар жастарды алдау үшін әртүрлі әдістерді

қолданады. Олар әлеуметтік желілер арқылы немесе белгілі бір адамдардың көмегімен жастарды сенімге кіргізіп, дәстүрлі діннен алшақтатады. Сондықтан әрбір жас азамат дұрыс діни білім алуы қажет," – деді имамдар. Олар жастарға кез келген діни ақпаратты тек ресми дереккөздерден алу қажеттігін және күмәнді ұйымдардан аулақ болуды ескертті. Ең бірінші мәселе жастар үшін білім алу екенін ескертті. Мешіттерге ата-анасынсыз жұма намазға баруға болмайтындығын атап айтты.

Қорытынды сөз

Мектеп директоры М. Амирова сөз алып, бала тәрбиесіндегі жасалынып жатқан біршама жұмыстарға тоқталып өтті. Ақпараттық-насихаттық топқа ата-аналар мен ұжымның атынан өз алғысын білдіріп, жиынды қорытындылады.

Қаулы:

1. Жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
2. Мектептерде құқық қорғау органдары мен дінтанушылардың қатысуымен кездесулер жиі ұйымдастырылсын.
3. Оқушылар мен студенттер үшін есірткі, алкоголь, темекі және интернет тәуелділігінің зияны туралы ақпараттық жұмыстар үнемі алып барылсын.
4. Жастардың дұрыс діни білім алуына жағдай жасау үшін ресми діни мекемелермен байланыс орнатылсын.
5. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналармен және ұстаздар тығыз байланыста болсын.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:

**Келес ауданы білім
бөлімі әдіскері:**



М. Амирова

Н. Сапарбеков

Қ. Полатов

№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп

КММ

Ата-аналар жиналысы

**Тaqырыбы: Оқушылардың сабаққа
қатысуы, мектеп формасының сақталуын
қадағалауда. ата-ана мен мектептің рөлі және
міндеттері**

№8 атындағы жалпы орта мектептебіндегі білім алушылар саны

Мектеп 2 ауысымда жұмыс жасайды

Оқу жылы басында: 1183 басталған

III тоқсан: 1191 оқушы

Мектепте білім алушыларды тасымалдау мақсатында, 4 автобуспен қамтылған

Қазіргі таңда Шұқырсай елді мекенінен белгіленген маршрут бойынша 596 оқушы тасымалданады.

I ауысымда-285 оқушы

II ауысымда 311 оқушы

02.04.2025

Мектептің алдында оқу процесі мен жұмысына кедергі келтіріп отырған жайттар:

1. Мектепке оқушылардың кешігіп келуі
2. Оқушылардың сабақтан көп қалуы
3. Мектеп формасының талапқа сай сақталмауы
4. Мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілерінің көпшілік ата-анамен байланысқа шығуда қиындықтардың орын алуы

Заңда не делінген?

Білім туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
43-бап. Білім беру ұйымдарының құзыреті

3. Білім беру ұйымдарының құзыретіне мынадай функциялар:

1) ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;

2-6) оқу мақсаттарында қысқа мерзімді оқу жоспарларында көзделген жағдайларда орта білім беру ұйымдарында ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын пайдалану қағидаларын бекіту; Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-ІV Кодексі.

70-бап. Ата-аналардың баланы тәрбиелеу және оған білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері

1. Ата-аналар өз баласының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті.
2. Ата-аналардың өз баласын тәрбиелеуге құқығы бар және осыған міндетті.
3. Ата-аналардың барлық өзге адамдар алдында баласын тәрбиелеуге басым құқығы бар.
4. Бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дене бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету, заңға мойынсынушылық, мінез-құлдықты қалыптастыру үшін жауаптылықта болады.
5. Ата-аналар баласының міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті.
6. Ата-аналардың бала жалпы орта білім алғанға дейін оның пікірін ескере отырып, білім беру ұйымын және баланың оқу нысанын таңдауға құқығы бар.

Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 16 ақпанда № 13085 болып тіркелді.

Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар

1. Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы (бұдан әрі – мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады.
2. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.
3. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

Ұлдардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка).

Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

9. Қыздардың мектеп формасы:

Қыздардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

**Республикасындағы баланың құқықтары туралы
Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы.
10-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

50-бап. Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңдарының бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

02.04.2025

«№8 Т. Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
болған ата-аналар жиналысының

Хаттамасы № 5

Жиналысқа қатысқандар:

- 1 Аудандық прокуратура прокуроры: Қ. Сыдықов
- 2 Ауыл билері: Ж. Смаилов, Ү. Сәрсенбаев, Я. Абдукадиров
- 3 АПБ ЖПҚ ЮПТ-ның инспекторы полиция, мойоры Э. Есенқұлова
- 4 Мектеп әкімшілігі
- 5 Сынып жетекшілер
- 6 Жиналыс төрағасы: Т. Халматов.

Күн тәртібінде:

1. Алғы сөз.
Мектеп директоры: М. Амирова
2. Оқушылардың сабаққа қатысуы, мектеп формасы және ішкі тәртіп.
Баяндама жасаушы: тәрбие ісі оргынбасары: Н. Сапарбеков
3. Мектеп психологы «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында
баяндамашы: С. Тұяқбаева.
4. Мектеп мейірбикесінің есебі. Баяндамашы: А. Сұлтанова.

Тыңдалды:

Келес ауданы білім бөлімінің «№8 Т. Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жылдық жоспарына сай, 02.04. 2025 жылы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысты ата-аналар комитетінің төрағасы Т. Халматов ашып, күн ртәртібімен таныстырды.

Алғы сөзге шыққан мектеп директоры М. Амирова ата-аналардың міндеттері мен жауапкершілігі жайлы айтып өтті. Оқушылардың кешігуі, формасым жайлы, мектепке келмей, сабақты көп қалдыруы жайлы айтып өтті. Ата-ана үнемі сынып жетекшімен байланыста болып отырсын, телефонды сабақ уақытында пайдаланбасын деп қадап, ескертіп айтты.

Кезектегі мәселе бойынша ДТІЖО Н. Сапарбеков «Оқушылардың сабаққа қатысуы мен мектеп формасы жайлы» айтып, дәлел ретінде слайдтар көрсетті. Бала тәрбиесі-баршаға ортақ іс дей келе ата-аналарға балаларға жауапкершілікпен қараңыздар деді.

Келесі мәселе бойынша аудандық прокуратура прокуроры Қ. Сыдықов өз сөзінде бала тәрбиесіндегі құқықтар мен міндеттер туралы Заң аясында түсінік беріп өтті. Кәмелетке толмаандар арасындағы құқық бұзушылықтың сандық көрсеткішінің өсіп тұруына байланысты жауапкершілікті сезініп, біліп жүруге шақырды. Заң аясында жұмыс жүргізілсін деп өз сөзін аяқтады.

Келесі кезекке АПБ ЖПҚ ЮПТ-ның инспекторы полиция, мойоры Э.Есенқұлова сөзге шықты. «Бала тәрбиесі – бәрімізге ортақ». Баланы сабақтан себепсіз алып қалмау керек, баланы жұмысқа жегуге болмайтыны туралы айтты. Егер бала 40 сағаттан артық сабақты қалдырса, айыппұл салынатынын атап ескертіп өтті.

Ауыл билері Ж. Смаилов, Ү. Сәрсенбаев, Я. Абдукадировтар да өз ой-пікірлерін айтып өтті. Бала тәрбиесіне барлығымыз да бей-жай қарамай жауапкершілікті сезінуіміз қажет -деп айтып өтті.

Кезектегі мәселе бойынша педагог-психологтар К. Байтасова мен С.Тұяқбаевалар «Бала құқығы мен зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптарында жасады. Бала психологиясына қатысты кеңестермен бөлісті. Бала- қоғамның болашағы, ал оның құқығын қорғау әрбір мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Балаларға зорлық-зомбылық көрсету сияқты мәселелер олардың денсаулығы мен болашағына үлкен қауіп төндіреді. Балалардың қауіпсіз әрі бақытты өмір сүруі үшін ата-аналар мен мектептер, мемлекет және бүкіл қоғамбірігіп жұмыс істеу керек. Жасөспірімдерге білім мен қолдау беру арқылы олардың болашағын жарқын ете аламыз. Бала – біздің болашағымыз, оны қорғау – бәріміздің борышымыз - деп сөзін аяқтады.

Мектеп мейірбикесі А.Сұрлтанова сөзге шығып, ата-аналарға тазалықты сақтауды, таза жүріп-тұруды ескертті. «Туберкулез» ауруы туралы түсінік беріп өтті. Баяндама барысында ата-аналарға бейнероликтер көрсетілді.

Жиналыс барысында күн тәртібінен бөлек, ата-аналар жарыссөзге шығып, сұрақтарына нақты дәлелді жауаптар алды.

Қаулы етеді:

1. Мектептен қалмау, мектеп формасын қатаң сақтаған күйде сабаққа келу;
2. Мектепте телефон пайдаланбау;
3. Ата-аналар балалардың сабақ оқуына мүмкіндік жарату;
4. Балаларға уақытында екпе салдыру.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

Т. Халматов

Б. Есенбаева.